

## **Балаларға қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«Ғылыми - техникалық бағыт бойынша қосымша білім беру ұйымдары  
балаларының техникалық шығармашылығын дамыту»  
(72 сағат)**

### **Түсініктеме хат**

Балаларға қосымша білім берудің қазақстандық заманауи жүйесі білім алушылардың білімдік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында іске асырылатын тәрбиелеу және оқыту үдерісі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қосымша білім беру желісін дамыту және мазмұнын жетілдіру көзделген. Перспективасында балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың нәтижесі бірқатар ұйымдастырушылық, кадрлық, ғылыми, әдістемелік-бағдарламалық, материалдық-техникалық мәселелерді шешуге байланысты.

Қазіргі таңдағы жоба – танымдық қызметін жандандырудың, креативтілігін дамытудың және бірқатар тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың дидактикалық құралы.

Жобалау әдісі – фактологиялық білімнің ықпалдасуына емес, алған білімді қолдану және жаңа білімге қол жеткізуге бағытталған педагогикалық технология. Оқушыны қандай да бір жобаларға белсенді кіріктіргізу мәдени-әлеуметтік ортадағы адами қызметінің жаңа әдістерін игеруге мүмкіндіктер туғызады. Сонымен, жобалау әдісімен оқытудың басты мақсаты – оқушы мен оқытушыны зерттеуге бірдей тарту. Балалар не істесе де, барлығын өздері істеуі керек (жеке-дара, топпен, педагогымен, басқалармен): жоспарлау, орындау, талдау, бағалау және де не істегенін саналы түрде ұғу.

Ұсынылып отырған ғылыми-техникалық бағыттағы қосымша білім беру мекемелерінде балалардың техникалық шығармашылығын арттыру бағдарламасы балаларға ғылыми-техникалық бағыттағы қосымша білім беруді дамыту мен одан әрі жетілдіруге қатысты негізгі сұрақтарды блок-модульдік тұрғыда қамтиды.

Бағдарламаның жалпы көлемі – 72 академиялық сағат.

Сабақтар Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдары қызметінің теориялық және практикалық тәжірибесімен танысу, тыңдаушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру және жобаларды қорғауды қарастыратын дәріс және практикалық түрде өткізіледі.

Оқу бағдарламасы 4 негізгі модульдерден тұрады:

**Нормативтік-құқықтық модуль** қазақстандық білім беру саласын

жаңғырту бағыттарын, қосымша білім берудің нормативтік құқықтық базасын жаңарту мәселелерін, жаңа үлгідегі бағдарламаларды даярлауды қарастырады.

**Психологиялық-педагогикалық модуль** балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыс істеудегі, бала тұлғасын, балалардың жас ерекшеліктерін дамытудағы білімдерін жетілдіруді болжайды, педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынастардың тұлғааралық мәселелерін және кикілжіндердің алдын алуын қарастырады.

**Теориялық-технологиялық модуль** құзыреттілікке бағдарланған білім беруге көшу жағдайындағы педагогикалық қызметті жетілдіруді қарастырады.

Бағдарламаның **тәжірибеге бағдарлау модулі** бала тұлғасының дамуына бағытталған тәрбие және оқыту қызметінің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін негізгі педагогикалық технологияларды, сондай-ақ инновациялық білім беру технологияларын енгізуді ашып көрсетеді.

**Мақсатты топтың сипаттамасы:** ғылыми-техникалық бағыттағы қосымша білім беру саласының педагогтері.

**Курс өткізудің негізгі түрлері:** лекция, семинар, практикум, шығармашылық шеберхана, тренинг.

**Курс мақсаты:**

- педагогтердің шығармашылығын арттыру мақсатында қосымша білім беруді жаңашалаудың негізгі бағыттары, нормативтік-құқықтық базасы, білім беру үдерісіндегі заманауи ақпараттық технологияларды дамыту бойынша біліктілігін арттыруына жағдай жасау.

**Курс міндеттері:**

- *тыңдаушыларды төмендегілер жайлы хабардар ету:*
- қосымша білім беру жүйесінің заңнамалық, нормативтік-құқықтық базасының жаңаруы;
- құзыреттілік негізінде қосымша білім беру мазмұнының жаңаруы;
- тыңдаушыларды білім беру жүйесінің заманауи ақпараттық және инновациялық технологияларымен таныстыру;
- тыңдаушыларды қосымша білім берудің ғылыми-техникалық бағытының дамуымен таныстыру;
- тыңдаушыларды жобалаудың түрлері мен негізгі жұмыс сатыларымен, жетекші білім беру мекемелерінің тәжірибесімен таныстыру.

## Модульдің мазмұны

	Модульдің атауы	Сағат саны	Нысан	
			дәріс	практика
	<b>Нормативтік құқықтық модуль</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>0</b>
1.1.	Кіріспе. Курстың жалпы сипаттамасы	2	2	0
1.2.	Білім саласындағы заңнамалар. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының заманауи қызметін реттеудің нормативтік құқықтық негіздері	2	2	0
1.3.	Қосымша білім беру педагог кадрларын аттестаттау мәселелері	2	2	0
2.	<b>Психологиялық-педагогикалық модуль</b>	<b>8</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
2.1	Білім беру үдерісінің сапасын арттырудың психологиялық-педагогикалық негіздері. Балалардың әлеуметтік-тұлғалық даму ерекшеліктері	4	2	2
2.2.	Балалар дарындылығының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	4	2	2
3.	<b>Теориялық-технологиялық модуль</b>	<b>16</b>	<b>10</b>	<b>6</b>
3.1.	Балалардың техникалық білім жүйесіндегі құзыреттілікке бағытталған білім	4	2	2
3.2.	Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мен дамытудың ғылыми-методологиялық негіздері	4	4	0
3.3.	Ғылыми-техникалық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдарындағы зерттеу қызметі және балалардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру технологиялары	4	2	2
3.4.	Жобалық қызмет технологиясы	4	2	2
4.	<b>Тәжірибеге бағдарланған модуль</b>	<b>42</b>	<b>0</b>	<b>42</b>

4.1.	Робототехника. Кибернетикалық жүйе элементтері. Робототехникалық жиынтық түрлері. Бағдарламалар	8	0	8
4.2.	EV3 жағдайындағы роботты бағдарламалау. Моторлар, шамдар және тетіктермен жұмыс (бағдарламаларды жазу, моделдерді құрастыру, роботты сынақтан өткізу және ретке келтіру)	8	0	8
4.3.	Траектория қозғалысы. Релейлік, пропорционалдық және дифференциалдық басқару	8	0	8
4.4.	Кеме моделдеу. Өзі жүретін парустық және моторлы модельдерді әзірлеу және сынау	6	0	6
4.5.	Әуемодельдеу (радиомен басқарылатын модельдер)	6	0	6
4.6.	Әуемодельдеу (еркін ұшатын моделдер)	6	0	6
<b>Барлығы:</b>		<b>72</b>	<b>20</b>	<b>52</b>

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007 ж.)
3. 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Қазақстан Республикасы білім жүйесін дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы
4. Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын, сондай-ақ мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 07 тамыздағы № 323 бұйрығы
5. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013ж. 17 мамырдағы №499 заңымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»

7. Жексенбаева Ү.Б. Қазіргі заманғы мектептегі күзiреттiлiкке бағдарланған бiлiм. Оқу-әдiстемелiк құрал. Алматы, 2009. 190 бет.
8. Мажикеев Т.М., Сидельникова Г.Ф. т.б. Зерттеу және эксперименттiк қызметiнiң тәртiбiндегi бiлiм беру ұйымдары.